

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№28 (7865)

Жұма
15 шілде
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shyğady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді

14 шілде күні бейнебайланыс режимінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Іс-шараға Премьер-министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Үкімет мүшелері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Мемлекет басшысы еліміздің күрделі геосаяси сын-қатерлерге карамастан, бірқалыпты дамып келе жатқанын тілге тиек етті. Биылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша экономика 3,4 пайызға, ал нақты сектор 4,1 пайызға өскен. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібі саласында айтарлықтай ілгерілеу бар.

– Инфляция бір орында тұрған жоқ. Қазір бұл көрсеткіш 14,5 пайызға жетіп, 2015 жылғы деңгейден асып түсті. Бірінші жартыжылдықта экономикамыз қалпына келді. Бірақ, халықаралық институттар Қазақстанның ішкі жалпы өнімі биыл 2 пайызға ғана өседі деп болжап отыр. Бұған дейін олар өсім 3,7 пайыз болатынын айтқан еді. Сондықтан, Үкімет ел экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Ең бастысы, азаматтардың нақты табысын арттыру



қажет, – деді Президент.

«Отандық тауардың сауда орындарына кедергісіз шығарылуын қамтамасыз ету керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондай-ақ, өнімге қосылатын бағаны нақты белгілеп, арада жүрген саудагерлер санын азайту қажет. Ол үшін, ең алдымен, жедел түрде тиісті заңнамалық шараларды қабылдауымыз керек» деген Мемлекет басшысы сауда саласында тәртіп орнату өте маңызды екенін атап өтті.

– Халықтың табысын арттыру бағдарламасы қабылданды. Бірақ, оның жұртқа тигізіп жатқан пайдасы шамалы. Ең алдымен, жергілікті жерлерде тиімді жұмыс жүргізілуі керек. Әкімдер жыл

сайын әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын ашуға тиіс. Менің білуімше, бұл бағытта нақты нәтиже жоқ. Тағы да ескертемін. Өңір басшыларының жұмысын бағалаған кезде осы көрсеткішке баса мән береміз. Жұмыс орындарын ашу жұрттың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Экономиканың тұрақты дамуы да осыған байланысты. Сондықтан, Үкімет әкімдермен бірлесіп, бұл міндеттің қалай орындалып жатқанын талдауға тиіс, – деген ел басшысы тұрақты жұмыс орындарын ашуды тапсырды.

Мемлекет басшысы жаңа салық-бюджет саясаты қаржы-экономикалық функцияларды аймақтардың пайдасына

беруді ұсынды. Кірістер мен шығыстардың едәуір бөлігін өңірлерге беруге мүмкіндік бар. Сондай-ақ, оларға қойылатын талап та артылады. Сонда ғана түпкілікті нәтижеге қол жеткізіліп, жергілікті биліктің рөлі мен жауапкершілігі артпақ.

Мемлекет басшысы автожол инфрақұрылымын дамыту мәселесі төңірегінде де келелі ой қозғады. Үстіміздегі жылы 11 мың шақырымнан астам жолға әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұған 600 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінеді. Президент жөндеу жұмыстарын созбалаңға салуға болмайтынын атап өтті. Жобаларды жүзеге асыру барысын қатаң бақылауға алып, жолдың сапасына айрықша назар аудару керектігін атап өтті Президент.

Жалпы отырыс барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет мүшелері мен өңірлер әкімдерінің назарын халықты алаңдатқан бірқатар өзекті мәселені шешу қажеттігіне аударды. Президент инфляцияны және азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, азаматтардың табысын арттыру және адами капиталды дамыту, ақша-несие және салықтық-бюджет саясатын жетілдіру, экономиканың нақты секторына қолдау көрсету, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, автожол инфрақұрылымын дамыту сияқты мәселелер бойынша нақты міндеттер жүктелді.

Думан ҚАБЫЛ.



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Президент Қ.Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында жаңа Қазақстанды дамытуда өте үлкен мәселелерді шешуді міндет етіп қойды. Әсіресе, әкімшілік-аумақтық түйінді түйткілдерін қайта қарап, ондағы қордаланған экономикалық-әлеуметтік және саяси шешімін күткен жағдайлар бүгінгі күнде елімізде қалыптаса бастаған ахуалға негізделіп айтылғаны белгілі. Әсіресе, экономикалық-әлеуметтік және саяси деңгейдегі проблемалардың жылдам шешілмеуі нәтижесінде жыл басындағы «қаңтар қасіреті» еліміздегі көптеген мәселелердің басын ашып

көрсетті.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, әлемдегі өркениетті мемлекеттермен терезесінің тең болуына, әрине, білімді де білікті мамандардың қосар үлесі қомақты. Мемлекетімізді жас маман кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында орта және жоғары оқу орындары талап пен сапаны күшейте отырып, жас мамандарды нарықта жұмыспен қамтуды және сапасын жақсартуды басымдықта жүргізу керек. Мемлекет басшысы Жолдауында

жастардың ел экономикасына қосатын үлесіне кеңінен тоқталғаны орынды мәселе. Бұл ауданымыздағы ауыл шаруашылығы саласы мамандарын дайындайтын, яғни ата кәсіпті нәсіп етіп, төрт түлігін түлетіп отырған аграрлы аймақ Ақтоғай ауданын қажетті жас мамандармен қамтамасыз етіп отырған аграрлық-техникалық колледжінің алдына үлкен міндеттер жүктейтіні белгілі. Бүгінде аграрлық-техникалық колледжі ветеринария, автомобиль көлігін жөндеу шебері, ауыл шаруашылығын

механикаландыру, дөнекерлеу ісі, есептеу техникасы және ақпараттық желілер және электр жабдықтары мамандықтары бойынша білім сапасы жоғары маман даярлайды. Сондай-ақ, кәсіптік бағдар беру бойынша аудан мектептерімен байланыс орнатып, ауылға қажетті мамандықтар туралы түсініктер беріп, көмек көрсетіп келеді.

Ел басшысының мемлекетіміздің келешегін бағдарлаған Жолдауы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты екені белгілі. Осы орайда, елдің тұрақтылығы мен өркендеуіне үлес қосатын бәсекеге қабілетті маман кадрларды тәрбиелей отырып, туған өлкеміздің экономикасы мен әлеуметтік мәселелерін шешуге күш салу – колледж оқытушыларының басты міндеті.

М.Байыз,
Аграрлық-техникалық колледж
директорының
оқу-ісі жөніндегі орынбасары.

Бәсекеге қабілетті маман кадрлардың маңызы зор



Аудан әкімдігінде

Шілде айының 11-і күні аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында өңір басшысы С.Әбеуованың төрағалығымен аппараттық кеңес өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме, бөлім басшылары және «Zoot» қосымшасы арқылы кент, ауылдық округ әкімдері қатысты. Кеңесте ауданымыз бойынша өткір тұрған, күн тәртібіндегі мәселелер көлденең қойылып, түйткіл төңірегінде

Түйінді түйткілдер қаралды

сол салаға жауапты басшылар мен мамандардың баяндамасы тыңдалды.

Бірінші кезекте «Ағымдағы жедел жағдай туралы» аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім, мекеме басшыларының және әкімдердің хабарламалары тыңдалды. Ізін ала күн тәртібіндегі екінші мәселе «Ауыл шаруашылығы саласы бойынша инвестиция тарту жөнінде атқарылған жұмыстармен алдату міндеттер туралы» Абай ауылдық округінің әкімі Қ.Тұрғанбеков пен Ортадересін ауылдық округі әкімі С.Қрқуов баяндама жасады. С.Мірәсілқызы аталмыш салада кездесетін мәселелердің алдын алу керектігін қадап айтып, жұмысты жеделдетуді тапсырды. Сонымен қатар, Қараменде би ауылдық округінің әкімі Қ.Азирев пен Тасарал ауылдық округінің әкімі Н.Сеитов «Жергілікті халыққа жетіспейтін жайылымға өтеусіз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін рәсімдеу жөнінде және ауылшаруашылық жерлерін электронды картаға енгізу жоспарының орындалысы жөнінде» ақпар берді. Келесі кезекте «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, Әдеп кодексінің талаптарын сақтау және мемлекеттік сатып алуға заң талаптарының орындалысы туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы П.Темірбек, Ақтоғай ауылының әкімі Қ.Болғанбаевтың баяндамасы тыңдалды. Бұдан бөлек, «Аудан, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің тұрғындармен тұрақты кездесулерде айтылған ұсыныс-пікірлерді жүзеге асыру іс-шарасының орындалысы туралы» Нүркен ауылдық округінің әкімі Ж.Құдайбергенов пен Сарытерек ауылдық округінің әкімі Қ.Серкебаев аталған мәселе жөнінде атқарылып жатқан жұмыс жайын тілге тиек етті.

Аппараттық кеңес барысында көтерілген түйткілдің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өткен аудан әкімі С.Әбеуова мәселелердің оңтайлы шешімін табатын жолдарын қарастыру керек екенін жеткізді. Сондай-ақ, тиісті сала басшылары мен мамандарға міндеттер жүктеп, алдағы уақытта жұмыс барысын жіті назарда ұстайтынын айтты.

Е.Айтжан.



2022 жылға аудан бойынша тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға мемлекеттік сатып алудың веб-порталына 7 млрд 110 млн 356 мың теңгеге жылдық жоспар орналастырылып, 2 млрд 543 млн 034 мың теңгеге 973 келісім-шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем – 160 млн 740 мың теңге.

Оның ішінде: Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы 367 мемлекеттік сатып алу 213 млн 097 мың теңгеге жоспарланып, 175 млн 302 мың теңгеге 260 келісім-шартқа отырды (ІС бухгалтерия, құжат айналымы, ақпараттық есептеу орталығы, пошта, интернет, байланыс, коммуналдық және банк қызметтері, т.с.с.).

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы 1698 мемлекеттік сатып алулар 473 млн 446 мың теңгеге жоспарланып, 291 млн 723 мың теңгеге 673 келісім-шартқа отырды (өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алуларды қоса алғанда);

Тауар биржасы арқылы 5 мемлекеттік сатып алу (көмір) 34 млн 534 мың теңгеге жоспарланып, 7 млн 071 мың теңгеге 1 келісім-шартқа отырды;

Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс 6 мемлекеттік сатып алу (ішкі саясат, жұмыспен қамту бөлімдері, жастар ресурстық орталығы, жұмыспен қамту орталығы) 17 млн 622 мың теңгеге жоспарланып, 14 млн 666 мың теңгеге 5 келісім-шартқа отырды;

Конкурстар бойынша (ашық және біліктілікті алдын ала анықтау тәсілдері арқылы) 57 мемлекеттік сатып алу 6 млрд 371 млн 657 мың теңгеге жоспарланып, 6 млрд 335 млн 016 мың теңгеге 53 конкурс жарияланып, 2 млрд 054 млн 272 мың теңгеге 34 келісім-шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем – 160 млн 740 мың теңге. (Республикалық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 1 конкурс, облыстық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 11 конкурс, аудандық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 24 конкурс, ББӘ бойынша 17 конкурс).

– Республикалық бірыңғай ұйымдастырушы ("Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" РММ) арқылы 1 конкурс 6 млн 250 мың теңгеге жарияланып, бүгінгі күнге түскен өтінімдер қаралу үстінде.

– Облыстық бірыңғай ұйымдастырушы (Қарағанды облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы) арқылы 11 конкурс 5 млрд 165 млн 029 мың теңгеге жарияланып, 1 млрд 747 млн 550 мың теңгеге келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 116 млн 499 мың теңге.

– Аудандық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 24 конкурс 1 млрд 079 млн 352 мың теңгеге жарияланып, 252 млн 501 мың теңгеге келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 36 млн 574 мың теңге.

– Бюджеттік бағдарлама әкімгерлері арқылы 16 конкурс 83 млн 350 мың теңгеге жарияланып, 54 млн 221 мың теңгеге келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 7 млн 667 мың теңге.

Аудан көлемінде іске асырылған ірі жобалардың мемлекеттік сатып алуларына тоқталатын болсақ:

Құрылыс жұмыстары бойынша Ақтоғай ауылының солтүстік-батыс шағын ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу (сумен жабдықтау, көріз, абаттандыру, қазандығы бар жылу желілері, телефондандыру) – 367 млн 707 мың теңгеге, Ақтоғай ауылында көріз желілерінің құрылысы – 2 млрд 548 млн 537 мың теңгеге, Шашубай кенті, Ж.Ақбергнұлы көшесі, 9-үй 100 пәтерлі 5 қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру – 680 млн 278 мың теңгеге, Ақтоғай ауылы, солтүстік-батыс шағын ауданында ИКИ (қосалқы станциясымен 35 кВ электр желісін, 16 көпәтерлі және 30 бір бөлмелі жалдамалы тұрғын үйлерге 10 және 0,4 кВ электр желісін) салу жұмысы 572 млн 662 мың теңгеге жарияланып, келісім-шарттарға отырды. Қараменде

би ауылдық округі, Қуаныш ауылына су желісінің құрылысы – 431 млн 323 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Үшарал ауылына су желісінің құрылысы 293 млн 781 мың теңгеге жарияланып, конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша Құсақ ауылдық округі, Қошқар ауылы клуб үйі ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу 38 млн 694 мың теңгеге жарияланып, жеңімпазбен келісім-шартқа отырды.

Орташа, ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша Шашубай кенті, Ж.Ақбергнұлы көшесіндегі кентішілік автомобиль жолын орташа жөндеу – 72 млн 245 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі Абай Құнанбаев №35 және Шашубай Қошқарбайұлы №12 көп-қабатты үйлердің қасбеттері мен төбесін ағымдағы жөндеу жұмыстары – 18 млн 670 мың теңгеге, «Сарышаған кентінің көпқабатты тұрғын үйлерін абаттандыру және ағымдағы жөндеу» жұмысы – 48 млн 991 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі көп-қабатты тұрғын үйлерді ағымдағы жөндеу жұмыстары – 3 млн 150 мың теңгеге, Шашубай кентінің әкімдік ғимаратының санитарлық үй-жайларын ағымдағы жөндеу – 4 млн 759 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі көше жарығын ағымдағы жөндеу – 4 млн 950 мың теңгеге, Шашубай кентінің әкімдік ғимаратының шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн 033 мың теңге, Қараменде би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратының сыртын жөндеу – 2 млн 992 мың теңгеге, Торанғалық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратын жөндеу – 3 млн 733 мың теңгеге, Шабанбай би ауылдық округі әкімдігінің ғимаратын ағымдағы жөндеу – 14 млн 998 мың теңгеге, ауыл шаруашылығы бөлімі мекемесінің ғимаратының терезелерін ауыстыру жұмысы 5 млн 133 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Абаттандыру жұмыстары бойынша Шашубай кентінің (Сейфуллин, Құнанбаев, Ақбергнұлы) көпәтерлі тұрғын үйінің аула аумағын абаттандыру бойынша жұмыс – 123 млн 474 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аумағын абаттандыру бойынша жұмыстар – 54 млн 917 мың теңгеге, Ақтоғай ауылының жарықтандыру объектілері мен жабдыктарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары – 12 млн 443 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы Нарманбет көшесін бастап Сана би көшесінің қиылысына дейін көше шамдарын орнатуға 5 млн 064 мың теңгеге, Ақтоғай ауылының "Домбыра" композициясы сатысының гранитті плиталарын ауыстыру және жасанды көгал орнату жұмысы 3 млн 631 мың теңгеге, Сарышаған кентінде көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыруға 48 млн 991 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Теміржол көшесіндегі саябаққа қоршаулар мен жазғы суару құбырларын орнату 10 млн 028 мың теңгеге, Сарышаған кентінің хоккей кортына көрермендерге арналған трибуна орнату 4 млн 266 мың теңгеге, Сарышаған кентіндегі 3 ықшамауданы №6, 8, 9, 10, 12 үйлеріне күнкағарлар мен шатырына арналған суағарлар орнату 14 млн 309 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Тәуелсіздік көшесіне 57 опора орнату 14 млн 477 мың теңгеге, Сарышаған кентіне жол белгілері мен жасанды жол бөгеттерін орнату 5 млн 424 мың теңгеге, Шашубай кентіне көше шамдарын орнату 4 млн 950 мың теңгеге, Шашубай кентінің Сейфуллин көшесі №1, №2 үйлерінің шатырын ағымдағы жөндеу 12 млн 623 мың теңгеге, Кежек ауылының Нұра көшесіне 20 дана көше шамдарын және КТП орнату 9 млн 522 мың теңгеге, Сәуле, Үшарал ауылдарына көше жарықтарын және КТП орнату жұмыстарына 18 млн 064 мың теңгеге, Абай ауылына көше шамдарын орнату жұмысы 10 млн 268 мың теңгеге, Нүркен ауылындағы саябаққа қоршаулар орнату 13 млн 829 мың теңгеге, Нүркен ауылындағы көшелерге жарық диодты шамдарды ауыстыру және орнату

жұмыстары 3 млн 077 мың теңгеге, Айыртас ауылына спорт алаңын орнату 7 млн 820 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Ақтоғай ауылына көпфункционалдық корт орнату 25 млн 816 мың теңгеге, Шашубай кентіне балалар ойын алаңын орнату жұмысы 19 млн 643 мың теңгеге жарияланып, конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары бойынша Сарышаған кенті 3 шағын ауданындағы №4 авариялық тұрғын үйді қалпына келтіру үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар – 7 млн 143 мың теңгеге, Ақтоғай ауданы әкімдігі ғимаратының шатырын күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу 1 млн 100 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша Шашубай және Сарышаған кенттеріндегі кентішілік автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстары 287 млн 645 мың теңгеге жарияланып, конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Сонымен қатар, бірқатар басқа да аудандық маңыздағы жолдарды күтіп ұстау, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарының техникалық қадағалау қызметтері, күзет қызметтері, компьютер, ноутбук сатып алу, дыбыс жазу студиясы жиынтығымен сатып алу, ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жұмыстары (Сарышаған, Ақжайдақ, Қарасу ауылдарының су тасқындарын, Кежек, Жаланаңаш ауылдарының мал молалары, Ақтоғай ауылына бассейн салу), бойынша конкурстық рәсімдер жүргізіліп, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғасын тауып келеді. Жыл басынан бері Қарағанды облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті мамандарының бірлескен 2022 жылы мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша 27 қантар және 4 ақпанда бейнеконференция режимінде семинар-кеңес өткізді. Семинар-кеңестің материалдары (хаттамалар, аудиожазбалар) ауданның барлық бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне таратылды. Бөлімнің ұйымдастыруымен мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша 11 наурызда бейнеконференция режимінде семинар-кеңес өткізілді.

26 сәуірде аудан орталығында «Астана Эрудит» ЖШС оқыту орталығының мамандарының ұйымдастыруымен «2022 жылы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алулар» тақырыбында семинар өткізді. Семинарға аудандағы бюджеттік бағдарлама әкімгерлері, ауыл, ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік сатып алумен айналысатын барлығы 27 адам қатысты.

Мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына және веб-порталына енгізілген өзгерістер туралы бөлім тарапынан барлық бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне хаттар жолданып, аудан әкімінің, экономика және қаржы бөлімінің ресми интернет ресурсында жарияланып отырылады. Бюджеттік бағдарлама мамандары мен бухгалтерлері арасында іске қосылған әлеуметтік желі (ватсап) арқылы да түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Барлық конкурстық рәсімдер уақытылы жарияланып, келісім-шартқа отыру қадағалануда және өткізілген мемлекеттік сатып алу барысында сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар туралы мәлімет түскен жоқ. Бөлім бойынша сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-15-92 сенім телефоны жұмыс жасайды.

«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ.

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы»

Бағдарлама аясында жаңа жұмыс орындары ашылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған кезекті бір Жолдауында мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға көшу туралы тапсырма берген болатын. Сәйкесінше, үстіміздегі жылдың 14 сәуірінде «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы Қаулысы шықты. Бағдарламаның мақсаты – халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және кәсіпкерлікті дамыту арқылы табыстың өсу мүмкіндігін молайту. Кешенді жоспарды іске асыру мына 4 бағыт бойынша іс-шараларды қамтиды: бюджет қаражаты мен шәкіртақыны көтеру бойынша міндеттемелер; жаңа жұмыс орындарын құру арқылы халықтың табысын арттыру; халық табысының сатып алу қабілетін қорғау; табыс деңгейін арттыру бойынша жүйелі шаралар.

Бүгінгі күні Ақтоғай ауданы бойынша аталмыш жоба шеңберінде қандай жүйелі жұмыстар атқарылды? Жыл басынан бері «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» бойынша қолға алынған бастамалар мен алда тұрған міндеттерді білу мақсатында ауданның жұмыспен қамту орталығы директорының уақытша міндетін атқарушы Қ.Кәрімханнан сұрап білген едік.

Сала басшысының бізге берген ақпарына сүйенсек, жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға 2022 жылға облыстық бюджеттен 4 млн 985 мың теңге қаржы қаралып, «Теміртау кәсіптік оқыту орталығы» ЖШС-не 13 адам электрлік мамандығы бойынша үш айлық курсқа жолданған.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа республикалық бюджеттен 25 адамға 30 млн 630 мың теңге қаржы, ұлттық қордан 25 адамға 32 млн 970 мың теңге қаржы қаралыпты.

Сонымен қатар, мемлекеттік грантқа өтініш білдірген екі



(Сурет ғаламтордан алынды).

адам өз жобаларын қорғап, республикалық бюджеттен 2 млн 450 мың теңге қайтарымсыз грант алған. Жалпы, жұмыс мәселесі бойынша 2022 жылы 362 адам өтініш білдірсе, 347 жұмыссыз тұрақты, уақытша және мерзімді жұмыстарға орналастырылыпты. Оның ішінде: тұрақты жұмысқа 132 жұмыссыз орналасқан.

– Қоғамдық жұмысқа 9 адамға республикалық бюджеттен 6 млн 479 мың теңге қаржы қаралып, 12 адам жолданып, 2 млн 043 мың теңге игерілді. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы (ПРТ) қоғамдық жұмысқа барлығы жоспар бойынша 91 орынға жергілікті бюджеттен 21 млн 600 мың теңге қаржы қаралып, 107 адам жолданып, 18 млн 503 мың теңге игерілді. Ұлттық қордан 82 адамға 62 млн 333 мың теңге қаржы қаралып, 83 адам жолданды.

Жастар тәжірибесі – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері алған мамандығы бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында жүзеге асыратын еңбек қызметінің түрі.

Жастар тәжірибесіне республикалық бюджеттен 20 орынға қаралған қаржы 9 млн 189 мың теңге, орындалысы шілде айында. Ұлттық қордан 13 млн 496 мың теңге қаржы қаралып, 3 жас түлек жолданды.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы (ПРТ) 20

орынға қаралған қаржы 6 млн 827 мың теңге.

Әлеуметтік жұмыс орындары – халықты жұмыспен қамту орталығымен шарт негізінде жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін олардың жалақысын субсидиялау арқылы жұмыс беруші құратын жұмыс орны. Әлеуметтік жұмыс орнын ашуға республикалық бюджеттен 9 орынға 5 млн 100 мың теңге қаржы қаралып, бүгінгі күні 10 адам ашылған әлеуметтік жұмыс орнына жолданып, 1 млн 256 мың теңге игерілді.

Сонымен қатар, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасына сәйкес, жұмыссыз жастар және зейнеталды жастағы

адамдар үшін әлеуметтік жұмыс орындары «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісім-шарты» және «Күміс жас» жобалары шеңберінде де құрылады.

Алғашқы жұмыс орындарына 5 адамға қаралған қаржы 2 млн 913 мың теңге, 2 адам 2021 жылдан жұмысын жалғастыруда, игерілген қаржы – 796 мың теңге. Ұлттық қордан 9 адамға 10 млн 208 мың теңге қаралып, 5 адам орналасты.

«Күміс жас» бойынша ұлттық қордан 9 адамға 10 млн 208 мың теңге қаралып, аудан бойынша бүгінгі күнде 6 адам жұмысқа жолданды.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу тәртібі бойынша бүгінгі күнде 29 отбасы 145 адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 6 млн 612 мың теңге төленді, – дейді Қ.Кәрімхан.

Сала мамандарының айтуынша, аудан бойынша бос жұмыс орындары туралы ақпаратты әр адам Enebek.kz сайты арқылы біле алады және аталған сайт арқылы үйде отырып-ақ, жұмыс іздеуші ретінде тіркеледі. Тіркелген тұлға үш күннен кейін ғана жұмыссыздар есебіне алынады. «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» арқылы ауданымызда көптеген адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Д.БАҚЫШ.

Оқыс оқиға

Қазақта «Дауыл алды – жел жаңбыр арты – сел» деген тәмсіл бар. 12-шілде күні бас-аяғы жарым сағатқа жуық жауған нөсердің арты топан суға ұласып, Ақтоғай ауылының тұрғындарын әбiгерге салды. Түс ауа жауған жаңбырдың екпiнi қатты болғаны соншалық, өзек-өзектегi суағарлар су өткiзiп үлгермей, салдарынан арындап келген ағынды су жайылып, бiрлi-жарым тұрғынның қора-қопсысына кiрiп те кеттi.

Былтыр елiмiздiң басым бөлiгiнде орын алған қуаншылық ошақтың үш бұтына қарап отырған, тұрмысы түздегi төрт түлiкке төуелдi ауылдағы ағайынды бiршама сарсаңға салды. Шаруа атаулы тiрнектеп жүрiп қысқы мал азығын өзiрлеп, Алланың алқауымен алты ай қыстан аман-есен шығып, көкке iлiктi. Жетi жұттың бiрi – құрғақшылықтың зары өткеннен кейiн болу керек, биыл ел ерте бастан қамданып, тасаттық берiп, Жаратқаннан жәрдем тiледi. Ниетiне қарай өңiр-өңiрде жаңбыр жауып, көп тiлүi қабыл болып жатқан жайы бар. Алпта басындағы алапат жауынды да жұрттың денi тасаттыққа телiдi. Не десе де, бие сауым уақыт жауған жаңбыр жаз басынан тамшы тамбай

«...Жаңбыр арты–сел»



көзесi кeуiп, кeбiрciп тұрған жердiң шөлiн қандырып, сарғайыңқы кепсiрiнe шырай бiтiрдi.

Көктемде қара жердi құрсандырған ат бауырынан келетiн алты айғы қар ерiгeн шақта да дәл мұндай төтенше жағдай

орын алмаған шығар. Жаз мезгiлiнде осыншалық тасқын боларын күтпеген жұрт алғашқыда бiршама дағдарып қалды. Артынша әркiмнiң қарқыны қатты ағынды ұялы телефонға түсiрген бейнежазбасы демде әлжүжелiге тарап үлгердi. Тұрғындар

жаңбыр суының бұлайша iркiлiп, денгейiнiң көтерiлуiнiң басты себебi – ауыл iшiне тас жол төсеген кезде көлемi үлкен суағар орнатылмағаннан десе, ендi бiрi кей өзектерде суағардың мүлде жоқ екенiн алға тартады. «Халық айтса, қалып айтпайды». Десе де, су ағатын шығырдың кептелiп қалуына тұрғындардың салғырттығының да салқыны тиiп отыр. Мәселен, өзектi жағалай қоныстанған ауылдастар ауласынан, қорасынан шыққан коқыстарды өзекке тастап, қолдан кедергi жасап отыр. Бiз бәрiне бiрдей күйе жағып, құстаналаудан аулақпыз. Бiрақ, «қара қарға iшiндегi ақ қарғалар» жоқ емес.

Жалпы, аталмыш нөсердiң салдарынан аудандық орталық аурухана, көшенiң қақ ортасында орналасақан «Абылайхан» дүкенiне су кiрiп, Ж.Ақбай көшесiндегi қараусыз тұрған тоқал тамның бiр қабырғасы құлаған. Қуантарлығы, жан аман.

«Апат айтып келмейдi». Ғайыптан тайып келетiн табиғаттың тосын мiнезiне қашан да сақ болған дұрыс. Жаратушының өзi «Сақтансаң, сақтаймын» деген.

Е.АЙТЖАН.

Спорт салтанат құрған күн

Жалпы, еліміздегі спорт саласы жайлы ауыз толтырып айтуға әбден болады. Спорттың қай түрінен болса да жерлеріміз жеңіс тұғырына көтеріліп, байрағымызды биікте желбіретіп келеді. Жүлдесіз оралатындар некен-саяқ.

Президент Қ.Тоқаев кезекті Жолдауларының бірінде спорттық инфрақұрылымды кезек-кезеңімен салу арқылы бұқаралық және балалар спортымен айналысу үшін жағдай жасаудың маңызды екенін алға тартқан болатын. Мемлекет басшысының бұл сөзі төрт аяғын тең басқан спорт саласының одан әрмен жандануына үлкен дем берді.

Ауданымызда да спорттың бұқаралығын арттыру ісі бойынша біршама ілкімді істер атқарылып жатыр. Дағдысынан жаңылмай жыл сайын өтетін футбол тоспадоп, одан бөлек ұлттық ойындарымызды дәріптейтін аудандық біріншіліктер сөзіміздің жанды дәлелі. Жыл басынан бері саусақ бүгіп санасақ, салауатты өмір салтын насихаттайтын түрлі спорттық шаралар жалауын желбіретті. Мұның барлығы аудан халқының спорттан қара жаяу емес, керісінше, белсенді екенін көрсетеді.

Үстіміздегі жылдың 9 шілде күні аудандық жастар ресурстық орталығының мұрындық болуымен жерлесіміз, әрі әйдік спортшы Төлегенов Еркебұлан Серікұлын еске алуға арналған футболдан XII аудандық турнир өтті. Жарысқа өңіріміздің түпкір-түпкірінен келген 9 команда қатысып, кіл мықтыдан кім мықтыны анықтады. Дүбірлі доданы аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов алғы-сөзімен ашып, жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тіледі.

Әуелгіде командалар «А» тобына 4 команда және «В» тобына 5 команда бөлініп, ішінара бақ сынасты. Бірыңғай сайдың серке тасындай жігіттерден жасақталған командалар арасындағы тенбіл доп тартысы қызықты

һәм тартымды болды. Көз ілеспес жылдамдықпен ала допты ала қашып, қарсыласының қақпасынан саңылау іздеп, айла-әдіспен өз ұпайларын еселеп жатты. Жарыс барысында көз жеткізгеніміздей, болашағынан үміт күттіретін небір жас спортшылар бар екен. Ұзақты күнге созылған сайыста Ақши ауылының командасы

марапатталды.

Бұдан бөлек аталмыш жарыстың соңын ала Ақтоғай ауылының іргесіндегі атшабарда ауданымыздың арда азаматы Қойлыбаев Жаңабек Қойлыбайұлы атындағы аламан бөйге өтті. Жүйріктер жарысына отызға жете-қабыл тұлпар қатысып, бағын сынады. Шашасына шаң жұқпаған сәйгүліктердің тартысында жылқы десе



өзгелерден озық шығып, жүлделі бірінші орынға ие болды. Ал «Сарыарқа» командасы жарыстың күміс жүлдегері атанса, Шабанбай би ауылының командасы үшінші орынға табан тіреді. Жеңіс тұғырына көтерілген спортшылар Алғыс хатпен және естелік сыйлықтармен

делесі қозып тұратын көрермен қауым айқайға айқай қосып, бөйгенің көрігін қыздырды. 30 шақырымды артта қалдырған аламанда бабы мен бағы қатар келіскен шын жүйріктер оза шауып, жүлдегер атанды.

Е.Айтжан.

Кәсібің – нәсібің

«Елімізде ет, жеміс-жидек, көкөніс, қант, бидай, майлы дақылдар, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу үшін 7 ірі экожүйе қалыптастыруға болады. Балық шаруашылығына да ерекше мән берген жөн. Қосымша күн қалыптастырудың өзегі саналатын ірі жобалар маңызды рөл атқаруға тиіс. Вертикальді кооперация аясында жеке қосалқы шаруашылықтың әлуетін пайдаланған абзал. Жеке шаруашылық миллиондаған ауыл тұрғындарына табыс табуға мүмкіндік

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытпай бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін еместігі жан-жақты айтылған. Сонымен қоса, тиісті ведомство мен сала қызметкерлерінің алдына еңбек өнімділігін екі жарым есеге арттыру, бәсекеге қабілетті өнім өндіру міндетін қойды.

шабу, оны төгіп-шашпай тасымалдау жұмыстарына шаруақор ағаның ұлдары да білек сыбана атсалысуда.

– «Мал баққанға бітеді» деп бекер айтпаған ғой. Ата-баба дәстүрін жалғастырып, мал бағып, одан табиғи таза өнім алудың бағасы артпаса, кеміген емес. Алғашқы құрылған жылы 20 сиырдан

«Мал баққанға бітеді»



бере алады. Оларды өңірлік азық-түлік хабтарын құруға жұмылдыру керек», – деді Президент халыққа арнаған Жолдауында.

Топырағы құнарлы, түгін тартсаң майы шығатын, шөбі шүйгін Ақтоғай ауданында да ауыл шаруашылығы саласындағы

озық тәжірибелерді басшылыққа алып, егін және мал өнімдерін өндіруде елулі жетістіктерге қол жеткізіп жүрген шаруа қожалықтары аз емес. Солардың бірі – Ортадересін ауылдық округіндегі «Қалиасқар» шаруа қожалығы. 2005 жылы Ғабидолла Әріпбековтің

басшылығымен құрылған «Қалиасқар» шаруа қожалығы алғашқыда аз ғана малмен жұмысын бастаған шаруашылықтың жұмысы бүгінде әртараптандыру әдісімен жалғасын тауып келеді. Бұл шаруашылық қолда бар малын асылдандырып, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде одан алынатын өнімнің көлемін де арттыруға күш салып келеді. Бұл әрине, өз кезегінде ауыл шаруашылығы саласының дамуына да оң ықпал етіп отыр.

«Ізденіс түбі – игілік» демекші, аталмыш шаруа қожалығының мүшелері үнемі ізденіс үстінде. Шаруашылыққа жаңа технологияларды енгізуді, малдың басын тек асыл тұқымды түліктермен көбейтуді, оған қажетті жем-шөп қорының да сапалы болуын үнемі қадағалап отырудың нәтижесінде 20 жылдан астам уақытта шаруашылық аяғынан нық тұрып, сапалы ауыл өнімдерін ұсынуда. Айта кету керек, шаруа қожалығы өзін қажетті ауыл шаруашылығы техникаларымен толықтай қамтамасыз еткен аудандағы бірден-бір қожалық. Өнімді сапалы әрі уақытылы жинап алуда техниканың маңызы зор. Сонда шаруадан шашау шықпайды. Шөп

бастаған шаруашылықта бүгінде ірі қара саны 100-ден асты. Сол себепті, бұл шаруаны дөңгелеңтуге отбасы мүшелері жұдырықтай жұмылып кірісуде. Жаздың жаймашуақ күндерін ел қыдырумен емес, еселі еңбекпен өткізуге дағдыланғанбыз. Таңалақуімнен тұрып, шабындықты бетке алу айнымас әдетке айналған, – дейді «Қалиасқар» шаруа қожалығының басшысы Ғабидолла Қалиасқарұлы. Шаруашылықтың алға қойған жоспарлы жұмыстарының сан салалы екенін ескерсек, асыл тұқымды мал басын көбейту де басты бағыттардың бірі.

Шаруа қожалығының басшылығы ауыл-аймақтағы қайырымдылық шараларынан да тыс қалмайды. Сөйтіп, ауылының тұрмысын түлетіп, тіршілігін түрлендіруге ауыл кәсіпкері ретінде белсену атсалысып келе жатқан Ғабекеннің отбасылық кәсібі ұрпағының нәсібін молайтуда.

Президент Жолдауында міндеттелген ауыл шаруашылығын дамыту міндеттерін толықтай орындап отырған «Қалиасқар» шаруа қожалығының тыныс-тіршілігі міне, осындай.

ДАМАНГЕЛДҰЛЫ.

Рухани жаңғыру: тарих тағылымы

Оқырманға ұсынылып отырған төмендегі жәдігер – Дайрабай күйшінің «Бес төресі». Авторы – белгілі журналист-жазушы, қарқаралылық жерлесіміз, Шашубайдың әдеби хатшысы болған Әбжан Омарбаев. Күй өнерін сөз етуі аңыздық сипатқа құрылған сияқты. Өйткені, сол замандағы қазақ өнерінің (күйінің) толық мәтіндегі жазбаша нұсқасы (нотасы) болмағаны белгілі. Күй тарихы әркімдердің ауызша жеткізуі бойынша ел арасына тараған ғой. Әбжекең сөз ететін осы күй солардың бірі деп топшылауға болар. «Өлең-өчерк» түрінде хатқа түскен. Сөйтсе де, қысқаша келтірілген мазмұн, сюжеттік желі, оқиғаның басталуы мен аяқталуы поэма деуге тұрарлық. Көзден кеткенімше, көңілімізде сақталуға тиісті ағамыздың шығармашылық жолының бір үзгіні айғақтайтындай болған осы жазбаны Алматыдағы ҚР Ұлттық мемлекеттік

Бес төре бес түрлі күй кестеледі. Тәкаппар қыз алдына мөңгеле боп, Әрқайсы өзінше күй кестеледі.

Хан қызы ханша атанған хан тағында, Дәулет – көл сән-салтанат бар шағында. «Күйі асқан ер жігітке тиемін» – деп, Жар сапты ойға-қырға, барша адамға. Өңгеріп домбырасын, қыл-қобызын, Жарды естіп көктей етіп көк теңізден. Келіпті хан ордаға дәмелілер, Күйімнен тілдеспек боп ханша қызбен. Тайпалтып су шайқамас жорға мініп, Үкілі ақ домбыра, торқа киіп. Бес төре қатар келіп түсе қапты, Ханшаның ордасына тағым қылып. Тәкаппар сұлу ханша күйге жерік, Бес төре бес аспапты салды көріп. Есіктен аттасымен әмір етті, Кезекпен күй шертуге беріп ерік.

Амал не, қызға бұл да ұнамапты, Күйқұмар қыздың шарты енді қандай. Үшінші домбырасын қағып-қағып, Соқтырып сұр жорғамен кетті ағып. Майталман су шайқалмас сұлу күйге, Босамай қыз жүрегі тұрар неғып? Тайпалған жорға бармақ домбырада, Өккі ғой, күй қағуға болдыра ма. Мамырлап бір кезде тынады күй, «Қайтер деп қыз көкейге қондырар ма?». Ханшаға бұл күй де әсем ұнамапты, Не күй деп атын оның сұрамапты. Тәкаппар асқақ сұлу тым болмаса, Не жақсы, не жаман деп сынамапты. Төртінші салған жерден түпке шапшып, Алғандай қыз жүрегін бір-ақ қақшып. Ойнақтап, асыр салып, таптап өткен, Күйімнен ханікейді «түйебасқып». Қыз ұғып жігіт тартқан сырды күйде, – Сойқанды мұндай ащы тілді күймен,

– Аулақ әрі. Сау емес, әжуа етпек тазша-дағы. Сұқтанып шегін тартып, «не дейді сұм?». Тазшаға төңкеріліп жанның бөрі. – Дат, ханша, басымды кес, ұнамаса. – Құп, тазша, басымды алам, ұнамаса. – Дат, ханша, ұнай қалса, егер күйім... – Құп, тазша, сертінде сол тұрмақ ханша. Қыз сұсты, отыр депті алдын нұсқап. Көлдөң домбырасын тазша да ұстап, Жүгініп қыз алдына отырады. Күйі оза, мына пері қызды құшпақ, Дым бүркіп домбыраның құлағына, Күйіне келтіріп таз бұрады да, Ғажап бір сырлы күйді бастап кетті, Ақырғы рұқсатты сұрады да. Сөз жетпес «жорға» деген тайпалғанда, Тіл жетпес «майда» деген майталманға. Көңілмен көкейіне қондырмасаң,

«Бес төренің» тарихы

кітап палатасындағы «Балқаш жұмысшысы» газетінің тігіндісінен 2013 жылы көшіріп алған едім. Жарық көрген мезгілі 1946 жылдың 7 сәуірі.

Әбжекеңнің өнер тақырыбына бойлауын дәлділ ақын Ілияс Жансүгіровтің поэмаларымен таныс болып, содан сырттай болса да рухани нәр, шығармашылық жолынан сабақ алған-ау деп топшылаймыз. Өйткені, Ілиястың «Күй», «Күйші», «Құлагер», «Көбік шашқан» поэмалары Әбжекеңнің танданысын, таңырқауын тудырып, ішкі әлеміне бойлай енген-ау! Оған дәлелді «Күйші» поэмасынан тапқандай болдық. Екі туындыны салыстырғанда екеуінде іштей де, сырттай да ұқсастықтар мен үндестіктер байқалады. Олардың біріншісі – екі автор да күй тілін поэтикалық өлең өрнегіне құра отырып, қобыз бен домбыраның үндерінің тындаушылардың ішкі жан әлеміндегі түрлі сезімдерін еліктіре алатын, оны байытатын күдірет күшін танытады. Мұны ішкі үндестік деуге болар. Екінші ұқсастық – Ілияс поэмасында Көкесарының қарындасы Қарашаштың күйші жігітті басыбайлы меншіктеп, бас еркіннен айыруы, келе-келе жазаға тартуы, сонында азаттық беруі мазмұн құраған. Үшінші ұқсастық – «Бес төредегі» кейіпкер де хан қызы. Осы қыз төрелер тартқан күйлерден тазша баланың күйінің артық екенін бағалап, соған қосылады ғой... Енді «Бес төре» сөйлесін.

Қар қабақ, қаба сақал, бұжыр дәне,
Биікте, топ төрінде отыр көне.
Әжімді саусақтарын қылға жанып,
Қобыздан күй құттысы күйін төге.
Жұрт тындап, үн шығармай тілдескендей,
Дегендей күй бейне бір «үндескендей».
Қобызшы күймен бірге ынйранды,
Тысыммен қыл арқылы тілдескендей.
Толқыса бірге толқып күй әуені,
Шалқыса шалқып көңіл әуеледі.
Күй мен сол көк қыранын бұғалықтап,
Бұлтқа араласты әуедегі.
«Бозайғыр» – Дәкең* мінген жалын тартып,
Шарқырап, бөу жануар, жерді тарпып.
Жер ақтап қобызымен кетті Қорқыт,
Кеудеде «өмір» деген жалын шалқып.
...Бір кезде күйші сілтеп «Бес төрені»,



Қыз шарты: «Тың күй болсын естімеген,
Әуре боп уақытты ұтпа ескімеген.
Бесейін бес түрлі күй шертіп көні,
Жұмбағын жүрегімнің шешші деген.
Ұнаса кімнің күйі жүрегіме,
Жетеді мені құшып, тілегіне.
Мейлі паң, мейлі төре, кім болса да,
Өнерсіз жігітке қыз тиеді ме?
Жақсы бол, мейлің жарлы, мейлің кедей,
Тиемін күй ұнаса, кедей демей.
Күй жады жүрегімнің құмары сол
Күйші бол, болсаң да осы өмірге өгей.
Жүгініп отыра сап сонда бірі,
Сұлу қыз ханша алдында – қыздың «пірі»
Үкілі домбырасын безілдетіп,
Тартыпты деген күйді «Қыздың күйі».
«Қыз күйі» қыз жүрегін улағандай,
Тірі қыз алдындағы ханша түгіл
Өлген қыз тіріліп кеп тындағандай,
Болса да қанша әсер етпейті күй.
Кезекті ап екінші күйші төре.
Бусанып, буырқанып әлдеңге,
Жаңадан бір тың күйді бастап кеткен.
Өтті жаң, қыз алдына өршелен,
Күй-жалын қыз жүрегін шарпығандай,
Кейде күй ұйтқып ұшып шалқығандай.

Баспа деп маңайымды ендігәрі.
Төрәні түре қуып шығыпты үйден,
Ең соңғы кезек тиіп төреге енді,
Асқақ қыз ысқырынған жыландай сұр,
Безерді, бұған-дағы тебіренбеді.
Қыз тұрып төрелерге аттан депті,
Бір күй жоқ жүрегіме жаққан депті.
Сезімді, сарайды ішкі аша алмаса,
Күй ме екен құр тақтайды қаққан депті.
Амал не, сағы сынып өңкей мырза,
«Ғапу ет» деп өтініп ханша қызға.
Анырап қыз алдында тұрып қапты,
Айналып ыстық жүрек бейне мұзға.
Жүре ме атқосшысыз онда мырза,
Нөкерсіз төре келсе мұндай қызға.
Күй тұрсын домбырада, сыбызғы үні –
Мұндай қыз күніренсе тындар қыз ба.
Кезде осы үйдің іші аңтарылған,
Жүйтікмей өрен көңіл қаңтарылған.
«Дат» деген қыз көңіліне бір сөз салды,
Тізілген төрелердің арт жағынан.
– Айт, – депті, датың болса, – қыз зіл ала,
– Датым сол мен күй тартам шаһизада.
Рұқсат етіңіз, – деп шыға кепті,
Арт жақтан талдырмаш бір тазша бала.
– Жоғал, сұм.
– Өтінемін.

Күй тілін ақын тілі айта алған ба.
Дың етті, сөйледі шек, қақты саусақ,
Кірбең жоқ, кібіртік жоқ, қалмай ақсап.
Тазшаның жүрегін жарып шыққан,
Шынайы жігіт сырын қызға қақсап.
Сынапша жылжыды күй қызға беттеп,
Кішік қой күй иесі, «өрі кет» деп.
Жүре ме, әлде қайтеді дегендей боп,
Жүрекке жінішкелеп кірді ептеп.
Жолдан не кездесе де қаныратқан,
Күйді естіп қыз үйінде аныратқан.
Аспаннан ұшып келіп аққу мен қаз,
Тындасып отырыпты шаңырақтан.
Қара су ақтарылып теріс ағып,
Ақбөкен қыр басында тұра қалып.
Естіген жан-жануар маңайдағы,
Тындады тырп етпестен құлақ салып.
«Е, жаным, е, е... жаным, осынау бір,
Осы күй, уһ жүрегім, осынау күй».
Қыз талып күйші үстіне құлап түсед,
Күйші таз күй тартқанда осындай бір.
Ханшаға тазша күн боп көрінді ме?
Тас жүрек біржолата егілді ме?
«Тиемін осыған» деп айтып салды,
Күйге қыз буынды алған берілді де.

Қарқабақ, қаба сақал, бұжыр дәне,
Отырып топ төрінде осы көне.
Бажайлап «Бес төренің» сырын айтты,
Қобыздан күй құттысы күйін төге.
Шоқ түсе жүрегіме май боп еріп,
Күй түсіп буыныма қалдым шөгіп.
Күй-теңіз тереңіне алды тартып,
Ханшадай болмасам да күйге жерік.
Күйде сыр, күйде жыр да, күйде ән бар,
Күй көңіл-күйі емес пе, терең мән бар.
Жүректі тербеп шыққан сұлу күйді,
Сүймейтін айтшы, досым, қандай жан бар?!

Әбжан Омарбаев, 1946 жыл, 1 апрель.
Дөкең* – Дайрабай күйші.

P.S.: Күй де қазақ халқының рухани әлеміндегі ұлттық құндылықтарымызды айқындайтын ерекше бір бөлшегі ғой. Яғни, бұл да тарих. Исраил Сапарбай: «Тарих – қазақ деген халықтың кешелі-бүгінгі және ертенгі ғұмырнамасы. Сол ғұмырнаманың өткендегісін, кешегісін бүгінгімен әспеттей білу де өнер», – дейді. Яғни, күй өнерін танып, түсініп, одан ләззат алу да өнер екен. Соған орай жас буын осы өнерден мақрұм қалмаса екен деген тілек біздікі...

Аманкелді ТУҒАНБАЙ,
нарманбеттанушы.

Әсет Найманбайұлының туғанына – 155 жыл

(Соңы. Басы газеттің өткен санында).

Адастырды осы өлең орта жолдан.
Жезге айырбас алтынды қылмағанда,
Көңілім тумас па еді сол күнде оңнан?
Ғалымдықтан айырылып мақрұм қалып,
Арман еттім артынан ақыр соңынан» – дегенде, Әсет кызық қуып, ойын-сауық деп уақытын өткізіп алғанын мойындайды. Ескіше оқудың өзінен-ақ, сазгер, әнші, ақынның Бадиғұл Сейфулмәлік, Бозжігіт, Жүсіп-Зылиха, Фархад-Шырын, Ләйлі-Мәжнүн, Таһир мен Зухра сынды Шығыстың классикалық кисса-дастандарын оқып, өзі де сол бағытта «Кешубай», «Ағаш ат», «Үш жетім қыз», «Сәлиха Сәмен», «Барат қыз», «Шеризат» секілді кисса-дастандар жазған. Ғажап романтикалық құндылықтар ретіндегі бұл туындылар махаббатты дәріптеп, пәктікті, тұрақтылықты ерекшелік алуымен назар аудартады. Сұлулықты бейнелеп, ажарын оздыруға ақындардың бәрі құмар. Әсет те арудың әсемдігін әрлеп, келбетін келістіре түседі.

«Анадан, асыл құрбым, тудың артық,
Күлөндам, Сару, Шырам – қызға тартып.
Мүләйім мінезіннің майдасына
Тұрады лебізіңнен жан құмартып.
Әншейін адам тұрғай мінезіне,
Құс түнер төбенізге қанат қағып.
Күн шалмас бияланың сауытындай,
Аймаққа шырай берер нұрың шалқып.
Сағынсам тілің сусың, сөзің керек,
Тұрады иісіңнен жұпар аңқып.

т а н ы т а д ы .
Б ү к і л
Қарқаралының
мақтанышына
а й н а л ғ а н
Рысжан да
осал емес, бұл
айтысқа дейін
де талай сөз
серкелерін
с ө з д е н
сүріндірген.
А л ғ а ш қ ы
беттен айтыс
т а р т ы с қ а
к ұ р ы л ы п ,
Р ы с ж а н
Әсетті кемсіте
б а с т а й д ы .
Қарсыласының
ж а у а п т а р ы
өткір шығып,
өзін ондырмай
сынға алғанда
Р ы с ж а н
қалайда жену
үшін жұмбақ
а й т ы с ы н а
а у ы с а д ы .



Құс қанатындағы ғұмыр

Қаз мойын, қарақат көз, жазық мандай,
Төтті сөз, оймақ ауыз, болды таңдай.
Сүйіріктей он саусағың, қыпша белін,
Таза гүл бой сипатың Райхандай.
Ғашық жар көптен бері ақыл үйлес,
Мейібан татулығың ғазиз жандай», – деп сипаттауы ақынның тынысы кен, жер апшысын қуыратын тұлпарға тән талантын танытады. Әсет көбіне күрделі эпитет, тартымды теңеу, бағалы балаулары арқылы махаббат лирикасының үздік үлгілерін көрсетеді. Сол үлгіні өзінің кисса-дастандарында да байқатқан. Аудармасында да толық аңғартқан. «Өнегин мен Татьяна» туралы аудармада Пушкиннің ақындығына қатысты тоқталып, «Татьянаның Өнегінге», «Өнегиннің Татьянаға» жазған хаттары таза лирикалық тұрғыдан баяндалып, сонында қайғылы жағдаймен аяқталатын махаббат машақаты да лирикалық шешіммен шебер үйлестірілген. Ақын Әсеттің кисса-дастандарының сюжеті шығыстың ертегілерінен, ұлттымыздың аңыз-әңсаналарынан алынып жазылған.

Қазақтың дарынды өнер иесі Әсет Найманбаевтың ғұмыр кешкен кезені XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезені. Бұл дәуірде ауызша сөз өнері әлі де өз табиғатын танытып, жазба әдебиетімен тайталасып тұрған сәт болатын. Дәл осы дәуірде ақын деген атақ айтыс өнері арқылы анықталып, халықтың берген бағасымен нақтыланатын. Бұл сөз барымтасында да Әсеттің асығы алшысынан түсіп, «ақын» деген атақты жеңіп алғандығы Кәрібай, Сәмет, Бактыбай, Қали, Қасымбай, Мәлике, Кемпірбай ақындармен сөз сайысынан танылады. Тапқырлықтың қисынды өрнегін тауып, айтыс өнерін тартысқа құра алу шеберлігі Әсеттің тума талант, айтулы айтыс ақыны екендігін аңғартады. Қазақ халқының айтыс өнерінде жұмбақ айтысының классикалық үлгісін қалыптастырып, талай фольклортанушы ғалымдардың қызыға жазған жұмбақ айтысы – «Әсет пен Рысжанның» айтысы.

«Рысжан мен Әсеттің» айтысы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлыға таяу тұрған бір кездегі Қоянды жәрменкесі өткен жерде болыпты. Жәрменкеде тек сауда-саттық қана емес, өнер жарыстары өтеді екен. Жан-жақтан жиналған жұрт ойын-той, қызық-думан тамашалаған. Елдің қолқалауымен Әсет пен Рысжанның айтысы өтіп, әуелі қыз бен жігіт айтысы болып басталып, кейін Рысжан Әсетті сөзден тоқтату қиын екендігін түсінген. Сөйтіп, айтысты жұмбақ жарысына ауыстырып, Әсет қарсыласының жасырған жұмбақтарын мүдірмей шешіп, жеңіске жеткен. Талай ғалымдардың талдауынан өткен бұл айтыста дін, адам мүшелері, жыл мезгілдері жұмбаққа айналған. Әсеттің сол жұмбақтарды шешіп, өлең мәнеріне келістіре алуы шеберлігінің шынайылығын

Әсет берген жұмбақты мүдірмей шешіп, Рысжанның жеңілгендігін өзіне шешуге бағыттайды. Сөйтіп, Рысжанның өзі де, халықтың Әсетті қолдайтыны анықталады. Біз айтып отырған бұл мәселелер ғалымдар тарапынан зерттеліп, мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енген. Сол себептен, бұл мәселеге көп тоқталмадық.

Әсеттің тағы бір қыры – сыншылығы. Ұстазы Абайдан тәлім алып, жақсы мен жаманды данышпанның мектебінен үйренген шәкірт сыны бір бағытта болғанын: «Қалып тұр қазағымнан туысқандық», «Қалдың ба, қайран қазақ, қомданбастан», «Ұйқыда қазақ жатыр көзін ашпай», «Лдегі керуән сарай», «Жас шама», «Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол», «Сабаздар санасы жоқ сатылып жүр», «Өсиет», «Дүние бір керуән жүрген көшіп», «Немесе білмеске айтып арманыңды», «Құдалық туралы», «Жамағат, сен тындасаң, айтатын сөз» және тағы басқа сыншылық тұрғыдан жазылған дидактикалық туындыларынан көруге болады.

Ақын алтыбақан алауыздық құр мақтаң, бос ұйқы, еріншектік қазақты артқа тартар қасірет екендігін дәйектеп, оқу-білім, ғылымға қол созсаң қор болмайсың дегенді айтады:

«Ұйқыда қазақ жатыр көзін ашпай,
Кетерміз отқа жанып өрттен қашпай.
Басқа елдер алға басып кетсе-дағы,
Біздің ел шегінеді қадам баспай.
Жайылып сахарда қалдық надаң,
Өнерлі басқалармен араласпай.
Өзгелер алтын күміс мысалында,
Бағасыз біздің қазақ қара тастай.
«Мен – данышпан» дегендер толып жатыр,
Көзі ашық өнерпаздар білім ашпай,
Қазағым алты ауызды бола қалар,
Бастаса пайдалы істі біреу қостай.
Бай, мырза, атқа мінген азаматтар –
Басында жемісі жоқ қу ағаштай».

Ақынның толық өлеңдерін оқып шығып, ойланғанда оның сөздері сылдырап аққан бұлақ суын елестетеді. Сөздері судай таза, алыс пен жақынды алға ағысты мөлдірлігімен асыға жеткізгісі келеді.

Ақын арманы – асқақ, жұлдызы жарық екендігін сөздері нақтылап, бақытының баяндылығын қуаттап тұр. Бағыт-бағдары дұрыстығын ақынның «Көзі ашық, көңілі ояу жастар үшін», «Халықтың айна етіп жаздым жайын», – дегендері де дәлелдей түседі. Осыншалық өлең-жыр, өндер мен айтыстар, аудармалар қалдырған Әсет бірде Сарыарқада, келесіде Жетісуда, елі сүйген өнер иесінің Ақтөбе, Көкше жерінде, өз елінде Кемпірбайдың көңілін сұрап келгені айтылады. Алыстағы апасын сағынған

ақын Қытай асып, талай жерде өн салып, думан-тойға қатысқаны аңызға айналып кеткен. Өнер өкіліне тағдырдың жазуы солай болар. Сахараның батысы мен шығысың, оңтүстігі мен солтүстігін салт атымен аралап, жүрген жеріне қуаныш сыйлау кез келгенге бұйырмаған бақыт. Алашына ақын, әнші, сазгерліктің сүрлеуін салып, айтыстың алдаспаны аталған сөз сүйейінің өмірі мен өнегесі аңызға айналған.

Биыл айтулы ақын, санлақ сазгер, күміс-көмей әншінің туғанына 155 жыл толады. Әсет өмірден өткеннен кейін А.Затаевичтің 1953 жылы «Қазақ халқының 1000 әні кітабында» Семей өңірінде жинақталған өндердің ішінде «Әсеттің әні» деген атпен шығарманың нотасы берілген екен. Одан кейін халқымыздың айтулы ақындары, әдебиетшілері тарапынан Әсеттің ақындық, аудармашылық, айтыс ақыны ретіндегі сөз өнеріндегі өзіндік үлесі бағаланыпты. Сонымен қоса, Әсеттің өншілігіне қатысты және сазгерлігіне байланысты талантты қазақ музыкасын зерттеушілер мен әйгілі өншілердің Әсет өндерін кейінге табиғи болмысын бұзбай жеткізген еңбектері баяндалған. Аталып отырған Әсет туралы еңбектердің жазылғанына да талай уақыт өткен екен. Қарағанды облысының мақтанышы болуға тиіс, ұрпағына өнеге айтқанда «Ән салсаң, Әсеттей сал әсемдетіп», – деген тілек тілуге тиісті өнер тарлаңына бүгінде керемет құрмет байқалмайды. Көшіпті қалада өнер ұжымы, бірлестік, үйірмелер ұлы өнші, сазгерді ұмытқандай. Бүгінде, айтыс өнері көтеріліп, облыста айтыстар өтіп жатады. Соның бірі – Әсетке арналса, оның шығармашылығы насихатталса ұрпақтар зердесіне сінер еді. Бүгінгі жастардың ішінде арғы Әсетті де, бергі Әсетті де білмейтіндер кездесті. Қаламыз көркейіп, күннен-күнге өсіп келеді. Аудан, көше атаулары ардақ тұтар Алаштың айтулыларына беріліп жатыр. Әсетке ондай құрмет онайлықпен келе қоймас. Әйтсе де, арнайы айтулы тұлғаға арналып ғылыми мәжіліс, өнер кеші, сөз барымтасы бәсекелерін өткізуге болатын шығар. Бес жылда бір рет Әсет Найманбайұлы атындағы жүлде тағайындалып, керемет өнер додасы өтіп, қорытындысында оза шапқандар жүлдесін алып, тарихи тұлғаны еске түсіретін төсбелгілер беріліп жатса, ақынға, өншіге, сазгерге, аудармашыға, айтыскер талантқа көрсетілген құрмет сол болар еді-ау!

Әзірше бір белгісізі, Әсеттің өткен өмірі мен өнегесін біліп, шығармашылығымен танысқандар түйіні «Құс қанатындағы ғұмыр» дегенге тіреліп тұр.

Берік РАХЫМ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Atlas Gold» ЖШС «27.11.2020 ж. № 1007- EL лицензиясы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Орталық Ақтоғай учаскесін барлау жоспарына ықтимал әсер ету туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өтеді: 2022 жылғы 02 қыркүйекте сағат 16.00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай а.о., Ақтоғай а., Ә.Бөкейхан к., 4 – Әкімдік ғимараты мекен-жайы бойынша.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg.

Конференция идентификаторы: 320 844 9619.

Пароль: 8dxVkQ.

Тапсырыс беруші: «Atlas Gold» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, Байтұрсынов көш., 5 үй, 924 пәтер.

БСН 200640028022.

Директоры: Тө О.В.

Байланыстар: тел.: 8 (707) 242-46-15, 8 (701) 944-98-08 e-mail: 2415882@mail.ru.

Әзерлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көшесі, 14Б.

БСН 150640024474

Өкілі: Обжорина Т.Н.

Байланыстар: тел.: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен eportal.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сайттарда танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефоны арқылы сұратуға болады, tanya_ob80@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келесі мекен-жайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr_krg@mail.ru және Қарағанды қ., Лобода к., 20.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Atlas Gold» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту «Отчет о возможных воздействиях к ПЛАНУ разведки участка Центральный Ақтоғай в Ақтоғайском районе Карагандинской области Лицензия № 1007-EL от 27.11.2020 г.».

Общественные слушания состоятся: 02 сентября 2022 года в 16.00, по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Ақтоғайский с.о., с. Ақтоғай, ул. Бокейхана, 4 - здание Акимата.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg.

Идентификатор конференции: 320 844 9619.

Пароль: 8dxVkQ.

Заказчик: ТОО «Atlas Gold», Республика Казахстан, г.Нур-Султан, район Алматы, ул. Байтұрсынова, д. 5, кв. 924.

БИН 200640028022.

Директор: Тө О.В.

Контакты: тел.: 8 (707) 242-46-15, 8 (701) 944-98-08 e-mail: 2415882@mail.ru

Разработчик: ТОО «Сарыарқа экология», г.Караганда, район им. Казыбек би, улица Алиханова, 14Б.

БИН 150640024474.

Представитель: Обжорина Т.Н.

Контакты: тел.: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте eportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 8 (776) 526-31-31, tanya_ob80@mail.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ru и г.Караганда, ул. Лободы, 20.

Салауатты өмір салты

В гепатиті жедел және созылмалы болып екіге бөлінеді. Жедел түрінде наукаста симптомдар анық байқалады: әлсірейді, төбеті қашады, жүрегі айниды, кіші дәретінің түсі қоньрқай болады, үлкен дәретінің түсі өзгереді, көзі және дәнесі сарғаяды,

бөртпе шығады, басы ауырады. Адам өзін мұндай белгілерді байқаған жағдайда дереу дәрігерге қаралғаны жөн. Созылмалы В гепатитімен ауыратын наукаста ағзасында инфекцияның бар-жоғын білмей қалуы мүмкін. Себебі, көп жағдайда созылмалы В гепатитінің симптомдары білінбейді. Вирустың мұндай түрін «окультті» немесе «инфекцияның жасырын нұсқасы» деп атайды.

В гепатитінің созылмалы түрінде наукастар шаршайды, құлазиды, құсқысы келеді. Кейбірі мұны уланумен немесе басқа аурулармен шатастырып жатады. Сонымен бірге гепатиттің негізгі нысаны – бауыр. Ал бауыр – «үнсіз ауыратын» ағза мүшесі. Адам 10-20 жыл бойы ешқандай ауыртпалықты сезбестен жүре беруі мүмкін, вирустың белгілері анық білінбегенімен, бұл өте қауіпті. Себебі, В гепатитінің созылмалы түрі асқынған жағдайда, бауыр циррозы, бауырдың қатерлі ісігі сияқты ауыр дерттерге ұласуы мүмкін.

Бауыр циррозы – бауыр жасушаларының фиброзды дәнекер ұлпамен қайтымсыз алмасуымен сипатталатын гепатит асқынуларының бірі. Цирроз кезінде наукастар әлсізденіп, төбеті қашады, лоқсу және құсу болады, оң жақ қабырғаның асты ауырады. Өкінішке қарай, наукастың көбі бауыр циррозымен келеді. Наукастар ішіне сұйықтық толып, іші үлкейіп, жағдайы күрт нашарлағанда ғана дәрігерге қаралады.

В гепатиті қалай жұғады?

В гепатиті туралы



В гепатитінің таралуының бірнеше жолы бар. Ол анандан балаға және қан арқылы, жыныстық қарым-қатынас кезінде және басқа да ағза бөлінділері арқылы берілуі мүмкін. Коронавирус пандемиясынан соң адамдар денсаулығына көбірек көңіл бөле бастады. Кейбірі иммунитетін көтеру үшін инемен, сүлікпен емдеу әдісіне жүгінеді. Алайда, ондағы құралдардың қаншалықты дұрыс қолданылып-қолданылмай жатқанына назар аударуды ұмытып жатады.

Сонымен бірге стоматологиядағы медицина құралдары, маникюр, педикюр, пирсинг, татуаж сияқты қызмет түрін көрсететін сұлулық салондарындағы құрал-жабдық дұрыс стерильденбеген кезде В гепатиті жұғуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, жыныстық қарым-қатынас кезінде де жұғады, дегенмен мұндай жағдай сирек кездеседі. Тіпті құрғақ, қатып қалған қан тамшысының өзінде В гепатиті вирусы өмір сүре береді және басқаға жұға алады.

Қазақстанда В гепатитіне қарсы вакцина қалай және қашан салынады?

В гепатитінен қорғану шарасының бірі – арнайы иммундау. В гепатитінен 98%-тен

100%-ке дейін қорғайтын қауіпсіз әрі тиімді вакцина бар. 1982 жылдан бастап дүниежүзінде В гепатитіне қарсы вакцинаның 1 миллиардтан астам дозасы қолданылды. 2008

жылы 177 мемлекет өзіннің вакцинация күнтізбесіне ВГВ (В гепатитіне қарсы вакцина) енгізді. Қазақстанда В гепатитіне қарсы вакцинация 1998 жылдан бастап күнтізбеге қосылды.

Бауыр циррозы, бауыр ісігіне шалдыққан наукастың көбі – 40-55 жастағы азаматтар. Біріншіден, Кеңес одағы кезінде бірреттік құрал-жабдық жоқ еді. Қызмет көрсету орталықтарында көпреттік құралдар қолданылды, бұл вирустың бір адамнан екіншісіне жұқтыру қаупін арттырады. Екіншіден, бұл азаматтар – елімізде вакцинация ұлттық күнтізбесі енгізілгенге дейін туғандар. Сол себепті олар бала кезінде екпе салдырып үлгермеген.

Еліміздегі ұлттық күнтізбеге сәйкес, В гепатитіне қарсы екпе балаға үш рет

жасалады. Біріншісі бала туған алғашқы күні перзентханада алады. Егер баланың анасы вирус жұқтырса, нәресте туғаннан кейінгі алғашқы 8-12 сағат ішінде вакцина алуы тиіс. Бала бір айдан соң екінші, төрт айдан кейін үшінші дозасын алады. Осылайша, бала бір жасқа толғанға дейін вакцинаны толық алып, ағзасында вирусқа төтеп беретін антиденелер пайда болады. Қазақстанда В гепатитіне қарсы екпе салдыру тегін. Мамандар: “Бұл вирустың алдын алудың ең тиімді шарасы – вакцинация” – дейді.

Алайда, қазіргі кезде гепатиттің барлық түріне қарсы екпе жоқ. Десе де, көп мемлекеттің, оның ішінде Қазақстанның ұлттық күнтізбесінде В гепатитіне қарсы вакцинация енгізілген. Осы мүмкіндікті ескеріп, әр адам өз денсаулығына жауапты болуға тиіс.

Д.Битанова,

«Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-12-65 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Хабарландыру

Ауыл шаруашылығы техникаларына және жүк таситын көліктерге бөлшектер сатамыз. Кәсіп арқылы бөліп төлеу бар. Жеткізіп беру бар. Телефон нөмірлері: 87013680513, 87088874498.

13 қаңтар 2022 жылы **Ашкеев Тулұхадыр Куанышбекович** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзіннің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

31 наурыз 2022 жылы **Толубаев Санат** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзіннің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Мұғалім – мектептің жүрегі

Ұстаз! Осынау қастерлі де қасиетті атқа лайық мамандар көп болса, Қазақ елінің болашағы жарқын. Тек, ұлттың деген ұстаздар ғана «қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болып» (С.Торайғыров), қазақ баласының санасына білім мен тәрбиенің нәрін күйса ғана келешегіміз кемел. Иә, кәсіби білікті, нағыз ұлтжанды ұстаздар ғана намысшыл ұрпақ, білімді оқушы тәрбиелесе, ол – мемлекетшіл тұлға қалыптастырудың алғышарты.

Бір қолына әлемнің барлық ілімі мен білімін, бір қолына оқушының санасы мен жүрегін ұстаған ұлағатты ұстаздардың бірі – Сарышаған кенті орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Раушан Балпықова.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» – деп, хәкім Абай айтпақшы, Раушан мұғалім бір сөтке өзінің мамандығына, Тәңір дарытқан ұстаздық болмысынан ажыраған емес. Ұстаз қашан да өзгенің бақытын аялап, шәкіртін өмірге баулушы екені белгілі. Шәкіртіне өмірлік азық боларлық пайдалы білім береді. Жас ұрпақтың бойына ізгілік нәрін егеді. Жақсы мен жаманды айыра білуге үйретеді. Адамгершілік қасиеттерді сіңіреді.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген. Педагогтар отбасында дүниеге келген Раушанның ана жолын қуып, мұғалім болуы заңдылық. Ол оқушы кезіннен ақ, білім мен өнерді қос қанатындай қатар алып жүрді. 1992 жылы Балқаш педагогикалық училищесін бітірсе, 2007 жылы



бастауыш сынып мұғалімі және әдістемесі мамандығы бойынша Балқаш гуманитарлық-техникалық университетін тәмамдады. Ұстаз болып қалыптасуы Приозерск қаласында басталған. Мұнда әдістемелік жағынан нағыз шындалып, ерекше көзге түсті және республикалық сайыстарда жүлделі орындар иеленді. Кейіннен республикалық газет-журналдарға сабақ баяндамалары жарияланды. Одан өзге мектептің аты мен абыройын асқақтату, жас ұстаздарға мол жетістіктерге қол жеткізу жолындағы ақыл-кеңесін де аяған емес.

– Раушан апай үнемі жас ұстаздарға ұлттық тәрбие – ел болашағының дінгегі, рухани сенімі мол ұрпақты тәрбиелеу келешектің бізге артқан міндеті екенін ұдайы айтып отырады. «Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді» деген Мәлік Ғабдуллиннің гибратты сөзін үнемі ұстаздар есіне салып отырады. Расында да, оқушы мұғалімге қарап бой түзейді, тәрбие алады. Ол кісінің ұқыптылықты, жауапкершілікті, еңбекқорлықты, талапшылдықты сүйетінін біз жұмыс барысында үнемі сезінеміз, іштей сезініп, мақтан тұтамыз, – дейді мектеп директоры А.Ибраева ұлағатты ұстаз жайында сұрағанымызда.

Раушан Балпықова: «Ағаш өсіп мәуелі бәйтерек болуы үшін тамырынан бастау алып, топырағы құнарлы, нәсермен сіңген нәрі мол болуы керек», – дейді. Бала – таң топырақ – мектеп, жанбырдың тамшы-нәрі – білім тәрізді. Ұстаз – осы үшеуінің ортасындағы дәнекер. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, Раушан апай тәрбиелеген шәкірттер жыл сайын түрлі облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары атанып келеді.

Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім.

Думан ҚАБЫЛ,
Сарышаған кенті.

Құттықтаймыз!



Құрметті **Ибраева Еңлік Смағұлқызы!**

Сізді адам өмірінің айтулы бір белесі – 60 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық тілей отырып, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық тілейміз. Лайым отбасыңыздың нұры, ұлағатты ұйытқысы болып, жасыңызға жас қосыңыз, көңіліңізде көктем әні шырқалсын! Ұрпақтарыңыздың қызығын Нұрекең екеуіңіз бір көріңіздер!

Азаймасын бұл жаста қажыр-қайрат,

Ғұмыр жастың жатсыншы жолы сайрап.

Армандардың асуы алыстамай,

Жүріңізші әрқашан күліп-ойнап.

Ақ тілекпен: бөлелеріңіз – Көкеевтер әулеті.

Қазақстан-2050: әлеуметтік сала

Әлеуметтік саладағы 10 мемлекеттік қызметті eGov порталы арқылы онлайн рәсімдеуге болады

Электрондық түрде алынған мемлекеттік қызметтер үлесін арттыру және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының нысаналы индикаторына қол жеткізу мақсатында ең басым бағыттардың бірі әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік қызметтерді eGov порталы арқылы проактивті және электронды түрде, мобильді қосымшалар арқылы көрсетуге көшу болып табылады.

Бүгінгі күні әлеуметтік-енбек саласындағы 10 мемлекеттік қызмет eGov порталы арқылы электрондық форматта көрсетіледі:

- Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау;
- Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау;
- Баланың тууына және оны күтуі бойынша жәрдемақы тағайындау;
- Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау;
- Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау;
- Жерлуге арналған біржолғы төлемді тағайындау;
- Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау;
- Бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау;
- Жұмысынан айырылған жағдайда төлеуін әлеуметтік төлемді тағайындау;
- Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төлеуін әлеуметтік төлемді тағайындау.

Порталдың көмегімен аталған жәрдемақыны ХҚКО бармай-ақ, онлайн рәсімдеуге болады. Бұл ретте Интернетке, банктік шотқа, ЭЦҚ-ға қол жеткізудің және мобильді азаматтар базасында тіркелудің маңызы зор.

10 госуслуг в социальной сфере можно оформить онлайн через портал eGov

В целях увеличения доли государственных услуг, полученных в электронном виде и достижения целевого индикатора Государственной Программы «Цифровой Казахстан» одним из наиболее приоритетных направлений является переход на проактивное и электронное оказание госуслуг в сфере социального обеспечения через портал eGov, проактивным и композитным способом, через мобильные приложения.

На сегодняшний день, 10 государственных услуг в социально-трудовой сфере оказываются в электронном формате через портал eGov:

- Назначение государственной базовой пенсионной выплаты;
- Назначение пособия матери или отцу, усыновителю (удочерителю), опекуну (попечителю), воспитывающему ребенка-инвалида;
- Назначение пособий на рождение ребенка и по уходу за ребенком;
- Назначение государственного социального пособия по инвалидности;
- Назначение государственного социального пособия по случаю потери кормильца;
- Назначение единовременной выплаты на погребение;
- Назначение специальных государственных пособий;
- Назначение пособия по уходу за инвалидом первой группы с детства;
- Назначение социальной выплаты на случай потери работы;
- Назначение социальной выплаты на случай потери дохода в связи с уходом за ребенком по достижении им возраста одного года.

С помощью портала оформить данные пособия можно онлайн, не посещая ЦОН. При этом важно иметь доступ в Интернет, банковский счет, ЭЦП и быть зарегистрированным в Базе мобильных граждан.

«Азаматтарға арналған үкімет» МК»

КЕ АҚ Қарағанды облыстық филиалының Әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Ақтоғай аудандық бөлімі.

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА** Жауапты хатшы: **Еркебұлан Айтжан**

Редактор үшін: **Д.Қабыл**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 950 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен аскан материалдар қабылданбайды.

